

ӘОЖ 33.338

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУЫ**

**Алиева Сезім Мақсатқызы**  
[sezim.alieva2002@gmail.com](mailto:sezim.alieva2002@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік басқару» мамандығының  
3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Нуркенова М.Ж.

Инновациялық қызмет өндірістік процеске деген жаңа тәсілді енгізетін ғылыми зерттеулер мен өнертабыстардың, жаңалықтардың жаңа өнімге немесе технологиялық процеске жаңа өндірістің трансформациялануымен байланысты.

Инновациялық қызмет түсінігінде инновацияларға алып келетін ғылыми, техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс - шаралардың жалпылай кешенін қарастыратын, өнімнің (тауар және қызметтердің). номенклатурасын кеңейту және жаңашалауға, сапасын арттыруға, оларды өндіру технологиясын жетілдіруге және одан әрі қарай оларды ішкі және сыртқы нарықтарда ұтымды жүргізуді көздейтін ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалануға сондай – ақ, коммерциаландыруға бағытталады [1].

Инновациялық қызмет түрлеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми негізделген білімдерді толықтыру;

- экономикалық игілікте іске асырылатын жетілген немесе жаңартылған қызметтерді, жетілдірілген технологиялық тәсілдерді әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеу, жоспарлау, іздестіру, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;

- инновациялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу нарығын ұйымдастыру;

- өндірісті технологиялық қайта жабдықтауды жүзеге асыру;

- жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сертификациялау және стандартизациялау мақсатында сынау;

- бастапқы мерзімде инновациялық жобаның нормативтік өтелу кезеңі аяқталғанға дейін жаңа немесе жетілдірілген өнімді (жұмыс, қызметті) өндіру сонымен қатар, жаңа немесе дамыған технологияларды пайдалану;

- инновациялық инфрақұрылымды жасау, сонымен қатар дамыту;

- инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияларды тарату;

- зияткерлік меншік объектілерін (оның ішінде жарияланбаған ғылыми, ғылыми - техникалық және технологиялық ақпараттарды қоса алғанда) игеру және енгізу мақсатында ұсыну, тапсыру және иелікке алу;

- инновацияларды құруға бағдарланған басқа да қызмет түрлері. [2]

Инновациялық кәсіпорын - өнім немесе технологиялық инновацияларды енгізетін кәсіпорын болып табылады. Қазақстанда соңғы бірнеше жылда инновацияларға деген қызығушылық айтарлықтай өскен. Тіптен үкімет деңгейінде де инновациялық қызметті ынталандыру бойынша шаралар қабылдана бастады. Қазіргі уақытта инновациялық жүйенің негізгі элементтері қалыптасқан, дегенмен де инновациялық қызметті одан әрі жетілдіру Қазақстан нарығындағы бәсекелестіктің ұлғаюына тәуелді болады. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтеріне сәйкес «инновациялық мүмкіндік» өлшемшарты бойынша, 2021 жылғы қорытындыға сәйкес Қазақстан 79-шы орынға ие болды [3].

1 – кесте. Халықаралық бағалауларға сәйкес елдердің 2019-2021 жылдардағы инновациялық қызметінің рейтингі


Елдер	Қазақстан	Ресей	Қытай	АҚШ	Швейцария
<b>2021</b>	79-орын	45-орын	12-орын	3-орын	1-орын
<b>2020</b>	77-орын	47-орын	14-орын	3-орын	1-орын
<b>2019</b>	79-орын	46-орын	14 орын	3-орын	1-орын

[5] негізінде автормен құрастырылған

Кестеде Қазақстан және шет мемлекеттердің соңғы үш жылдағы рейтингтері көрсетілген. Әлемнің 129 елінің технологиялық және ғылыми әлеуетін бағалайтын жаһандық инновациялар индексі (2021 жылғы қыркүйекте жаңартылған). 2019 жылы Қазақстан мұнда 79-орынды иеленіп, 2020 жылы екі орынға көтерілген болатын. Ал 2021 жылы екі позициядан айырылып, 2019 жылдың көрсеткішіне төмен түстік. Қазақстан инновациялық қызмет нәтижелеріне қарағанда енгізілетін инновациялар бойынша үздік көрсеткіштерді көрсетіп жатыр деп айта аламыз. Биыл Қазақстан инновацияларды енгізу бойынша 61-ші орында, бұл өткен жылмен салыстырғанда төмен, бірақ 2019 жылмен салыстырғанда жоғары. Инновациялық қызметті дамыту үшін одан әрі ынталандыруға, жағдайларды жасау экономикалық саясаттың негізгі атқаратын міндетіне айналуы қажет.

Жалпы, инновациялардың басым бөлігін ғылымның қатысуынсыз қазақстандық кәсіпорындар жасайды деп айтуға болады. Кәсіпорындарды инновациялық қызметке тарту ауқымды көлемде жүргізілуде.

1– сурет. Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері



[5] негізінде автормен құрастырылған

Суретте көрсетілгендей, 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңде 28 087 кәсіпорынның 3 236 кәсіпорындар инновацияларға ие болды (2019 жылы – 3206 кәсіпорын). 2019 жылмен салыстырғанда инновациясы бар кәсіпорындардың саны 30 кәсіпорынға көбейгенін көруге болады.

Өндіріс саласында инновациялық қызметтің дамуы маңызды рөл атқарады. Қазақстан кәсіпорындарының жүзеге асыратын инновациялық қызмет түрлеріне: ғылыми-зерттеу, жобалық – конструкторлық, материалдарды, жаңа технологияларды енгізу, ноу – хауды, технологиялық және басқа өндірістік меншік түрлерін сатып алу жатады.

Қазақстан өңірлерінің инновациялық белсенділігі де сан алуан, өйткені ол қолда бар ғылыми-техникалық, қаржылық, еңбек ресурстарына және оларды пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты. Сондықтан өңірлердің инновациялық белсенділігі олардың инновациялық мүмкіндіктеріне байланысты қалыптасады және әртүрлі деңгейді көрсетеді [2].

2– кесте. Меншік нысандары бойынша технологиялық инновацияларға арналған шығындар, млн теңге

Қаржыландыру көздері	2019	2020
Барлығы	545046,2	783271
<b>Солардың ішінде</b>		
Республикалық бюджет	37904,8	167418
Меншікті қаражат	448478,3	493111,3
Шетелдік қаражаттар	3798,5	11938
Өзге де қаражат	54864,6	110803,7
[5] негізінде автормен құрастырылған		

Кесте деректерінен көріп отырғанымыздай, технологиялық инновацияларға арналған шығындардың басым бөлігі меншікті қаражат көздеріне жатады, талданып отырған кезең ішінде меншікті шығындар сомасы 2019 жылғы 448 млрд. теңгеден 2020 жылы 493 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Кестеге қарайтын болсақ, өңірлердің даму деңгейін инновациялық қызметтерді ішкі және сыртқы нарықтарға ұсыну деңгейі жоғары аймақтарды І ші топқа, сыртқы нарыққа инновациялық қызметтерді аз көлемде шығаратын, кәсіпкерлік саласының дамуы белсенді

аймақтарды ІІ ші топқа, инновациялық қызметтерді дамыту үшін мемлекеттік немесе инвесторлардың қаржыларын көп қажет ететін аймақтарды ІІІ ші топқа бөлу арқылы анықтадық.

3– кесте. Қазақстан аймақтарының инновациялық саладағы даму деңгейлері

Аймақтардың инновациялық салада даму деңгейі	Аймақтар
І топ Даму деңгейі жоғары	Нұр - Сұлтан
	Шығыс Қазақстан
	Қостанай
	Атырау
	Алматы қаласы
ІІ топ Даму деңгейі орташа	Қарағанды
	Түркістан
	Жамбыл
	Солтүстік Қазақстан
	Ақтөбе
ІІІ топ Даму деңгейі төмен	Шымкент қаласы
	Павлодар
	Маңғыстау
	Қызылорда
	Ақмола
[5] негізінде автормен құрастырылған	

Жалпы айтқанда, Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық қызметтерін басқаруды дамыту үшін елдегі инновациялық ахуалды жақсарту қажет. Осыған байланысты: кәсіпорындарда инновациялық контроллингті дамытуды қолға алу;

кәсіпорын мамандарын оқыту және кәсіби қайта даярлау;

- кәсіпорындардың инновациялық қызметіндегі басқаруды кадрлық, ақпараттық қамтамасыз ету;

- басқарушылық жүйеде ақпараттық технологияларды енгізу;

- инвестициялар ағынын арттыру; сияқты жұмыстарды жүргізуді ұсынамын.

Бұл үшін елімізде инновациялық инфрақұрылымды дамыту маңызды орын алады. Соның ішінде сыртқы нарықтарды бағындырудың ең тиімді құралына айналады деген қорытынды жасауға болады.

Тек өнеркәсіптік кәсіпорындардың ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдардың қатысуымен инновациялық қызметті ілгерілетуге ықпал ететін тиімді ұлттық инновациялық жүйені құру қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ф.М.Днишев, А.С. Габдулина. Предпосылки и условия формирования модели
2. «тройной спирали» инноваций в Казахстане. Алматы, 2017 г.
3. Садықов Бекжан. Қазақстан экономикасының нақты секторындағы инновациялық әрекет: мүмкіндіктер мен тәуекелдер.
4. Глобальный инновационный индекс 2021.
5. [https://www.wipo.int/pressroom/ru/articles/2021/article\\_0008.html](https://www.wipo.int/pressroom/ru/articles/2021/article_0008.html)
6. Байсултанов Р.М., Яловецкий Г.М. Инновационная деятельность предприятий в Республике Казахстан. 2008
7. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы 2017-2020 жж. Статистикалық бюллетень. Инновациялар статистикасы. <https://stat.gov.kz/>